


ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Анри Лефевр (1905–1991)

4-тарау. Қазіргі философия





Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 24. Анри Лефевр (1905–1991)

Жиынтық пен қалдық (1959)

Алғаш рет 1959 жылы жарық көрген «Жиынтық пен қалдық» әлі күнге дейін ХХ ғасырдағы марксистік философтардың ең елеулісінің, ең бірегей шығармасы, сонымен қоса философиялық шығармалардың арасындағы таңқаларлық кітаптың бірі болып келеді. Бұл – әдеттегі үйреншікті түсініктегі философиялық кітап емес. 780 беттік көлемді шығармадан жеке естеліктерді, портреттерді, өлеңдерді, тарихи және саяси зерттеулерді, әдеби әрі философиялық очерктерді де табуға болады. Бір сөзбен айтқанда, автор өзінің ұзақ ғұмырында көрген-білгенін, айтқысы келгеннің бәрін өз кітабына енгізген. Ғасырмен құрдас дерлік Анри Лефевр Гегельді, әсіресе Марксті аударып, насихаттағандардың алғашқысы еді. 1924 жылдан 1959 жылға дейін ол 25 еңбегін жарыққа шығарды. «Мен марксизм туралы не білемін?» еңбегі 1947 жылы шығып, үнемі қайта басылып отырды. Оның жалпы тиражы 400 000 данадан асып кетті. Кітаптың өзегінде марксизмді сипаттау жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін келесі күні-ақ Француз коммунистік партиясының «ресми философы» атанса да, өзінің күнделікті философиялық қызметінде ол сол кезде сәнге айналған сталиндік стильден үзілді-кесілді бас тартады. Лефевр партия қатарында өзін еркін сезіне алмады. Ол бейортодоксалды тақырыптарға қызығады. Мысалы, 1947 жылы «Күнделікті тіршілікке сынды» жарыққа шығарады. Бұл шығарма марксизмді дәріптеді, сондықтан Маркстің жасаған істерін ақымақтық деп есептейтіндердің көңіліне жақпады.

Лефевр Маркстің тұлғасынан, бірінші кезекте, өзекті мәселелерді қарастыруға көмектесетін сараптама әдісін ойлап тапқан ғалымды көреді. Заманауи өмірді ұғыну – міне, оның негізгі міндеті. Мәселен, 1950-шы жылдары түйінді мәселелердің бірі – сол кезде қалыптасқанмен, өзінің өткірлігін жоғалта бастаған марксизмнің өзі еді. Хрущевтің сталинизмнің асыра сілтеушілігі туралы 1956 жылғы баяндамасы Француз коммунистік партиясының өзіне-өзі сын көзбен қарауына негіз бола алмады. Керісінше, олар бұл баяндаманы оқудан бас тартып, оны Американың құпия қызметтері таратып жүрген қауесет деп есептеді. Лефевр оны Берлинде жүргенде оқиды. Басшылармен арадағы жанжалдың кесірінен оны партиядан шығарып тастайды. Ақыры Лефевр партиядан мүлде қол үзіп, өзінің философиялық және саяси жолының жеке қорытындысы болуға тұрарлық «Жиынтық пен қалдықты» жазады. Өз өмірінің негізгі белестерін қайта қарап шығып, партия оның ойлауына қаншалықты кедергі жасағанын түсінеді. «Ресми» марксизмнің жақтаушылары бұл кітапты шыққан бойда «антикоммунизмнің туындысы» деп қатаң сынға алды. Басқа сыншылар бұл жұмысты «үздік» деп сипаттап, өте жоғары бағалады. Коммунизмнің күйреуі бүгінде бұл кітаптың маңыздылығы турасында ресми марксистерді қайта ойлануға мәжбүр етіп отыр. 1994 жылы Сен-Дениде өткен коллоквиумда Люсьен Сэв осы еңбекті, әрі оның авторын орынсыз сынағаны үшін өкінішін білдірді. Біз үшін бұл кітап – аса дәлдікпен жазылған философиялық өмірбаянның үлгісі. Оның авторы бір өмірді жекелеп көрсету арқылы әмбебап әлемді қамтуға талпынады. Кітап бір мезгілде жеке өмір мен қоғамдық тарихты қатар үйлестіретін философ еңбегіне жол сілтейді. Ары қарай біз бұл жұмыстың қысқаша түйінін ұсынамыз да, Лефеврдің философияға қосқан үлесі туралы белгілі бір түсінік беретін өзекті үш тақырыбына ораламыз.

«Жиынтық пен қалдық» әуелде екі томдық болып шыққан, бірақ «Меридиенс Клинксиктен» шыққан үшінші басылымда бір томға біріктірілген болатын. Бұл еңбек алты бөлімнен тұрады: «Философ дағдарысы», «Куәгер», «Философиялық өмір», «Бағдар», «Тізімдеу», «Философ деген кім?».

Философ дағдарысы

Лефевр өз толғаныстарына философиялық дағдарыс туралы ойларын біріктіреді. Бұрын білімнің бұл саласы асқақ та айбынды болса, ендігі жерде ол қызметші малайдың кейпіне түсті. Автордың пікірінше, философияға екі түрлі қауіп төніп тұр: догматизм және қауқарсыздық. Философияның алатын орны қандай? Оның өзге ғылымдардың арасында басты рөлді атқаруға үміттенетін негізі бар ма? Ол биліктен тәуелсіз бе? Философия басқа қоғамдық ғылымдармен



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 24. Анри Лефевр (1905–1991)

қандай қатынаста? Бұл бөлімде Лефевр философия саласының алдында тұрған қиындықтарды қарастырады. Ол марксистік философия жауап бере алмаған маңызды мәселелерді ретімен талдайды: догматизм, диалектика, көну, праксис. Феноменология туралы пайымдау арқылы ол философияның дағдарысы жайында ой түйеді.

Куәгер

Субъективтіктің гүлденуі ретінде сипатталатын қазіргі әлеміміздегі ахуалды ескере отырып, Лефевр өзі тап болған қиын жағдайды, анықтап айтқанда, философия мен саяси марксизмнің ажырауын қалай бейнелегісі келгенін негіздеп түсіндірмек болды. Анықтық ережесі бойынша, «айтылу керек нәрсенің бәрі айтылуы тиіс». Лефевр өз қызметінің және өмірінің кейбір сәттері туралы әңгіме шерткісі келеді. Ол жауапкершілік ұғымын қалыптастырды. Солшыл күштердің қандай да бір бағдарламасы жоқтығына көзі жеткен соң, ол марксистік философияның айналадағы шындықты өзгертуге деген талпынысын жүзеге асыра алмағанын көрсетеді.

Философиялық өмір

Үшінші бөлімде Лефевр сәттер теориясын жасайды. Оны синтездей келе, бұл тақырыпқа бесінші бөлімде қайта оралады. Біз оны әлі де толығырақ ұсынамыз, өйткені бұл – Анри Лефеврдің философияға қосқан негізгі үлестерінің бірі. «Сәт» ұғымы оның ойында өріліп, нық орнаған.

Бағдар

Бұл бөлімде Лефевр өзінің философиялық білім алуы туралы баяндайды. Ол Экс-ан-Прованстағы христиан философы, диссидент Морис Блондельдің курсына барып, онымен кездескені туралы сыр шертеді. Гегель туралы диссертацияны бірігіп жазбақ болған Леон Брюнсвикпен екеуінің арасындағы күрделі қарым-қатынас жайында да осы бөлімде сөз болады. Сонымен қатар Пруст, Бергсон және Жидпен байланыстарын да сипаттайды. Оқудан соң Лефевр өзі алдына қойған алғашқы мәселелерді – адам игілігін, адамның бастан кешер оқиғасын қарастыруға кіріседі. Ол өзінің Шеллингті аударғаны жөнінде, содан соң марксизмге қосылу туралы шешім қабылдағанын, «Марксистік журналдың» ашылғанын айтады. Лефевр өзінің философиядан сабақ берген тұңғыш ұстаздық тәжірибесімен бөлісіп, алғашқы философиялық шығармаларға баға береді: «Мистикаланған сана», «Ницше», «Декарт», «Экзистенциализм», «Паскаль». Автор әйгілеу, догматизм, әлеуметтану туралы ой толғайды.

Тізімдеу

Бесінші бөлім тұжырымды ойға әлдеқайда бай. Мұнда философ «бүтін адам» ұғымы жөнінде, күнделікті тіршілікке сын турасында, образдар мен концепттер туралы ой толғайды. Ол сәттер теориясына оралумен аяқталады.

Философ деген кім?

Соңғы, алтыншы бөлімі ирония, философия мен саясаттың арасындағы болжаулы немесе болжанбаған қарым-қатынас, коммунизм, бүгінгі философия, марксизм, әлеуметтану, материализм, парадокс, идеологиялардың күйреуі, қажет нәрсе мен артық заттар, кибернетика туралы ойлардан тұрады. Кітап екі поэтикалық эпилогпен аяқталған.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 3. Неміс философиясы
Дәріс: 24. Анри Лефевр (1905–1991)

Түсіндірме

Лефеврдің бұл кітабы аяқталған немесе жоспарланған жұмыстары туралы ойлардың көптеген философиялық тұжырымдамаларын көрсетеді. «Жиынтық пен қалдық» – философ шығармашылығындағы бетбұрысты білдіретін туынды.

Бұл кітаптан соң Лефевр философияны қойып, әлеуметтануға күш салады. 1959–1991 жылдар аралығында автор 35 жаңа еңбек жариялайды, оның жиырмаға жуығы философиядан гөрі әлеуметтану саласына арналған, яғни бұл кітап – бір жағынан, қорытындылау болса, екінші жағынан, қазіргі философияға арналған бағдарлама. Мұнда болашақты түйсінудің негізгі бағыттары белгіленген. Бұл жерде кітаптың үш қағидасы: «сәттер теориясы», «философиялық өмірбаян» және «кейінді-ілгерінді әдіс» туралы толғаныстарының ерекше маңыздылығын атап айтқан жөн. Біз тек алдыңғы екі тақырыпты ғана өрбітеміз, өйткені үшіншісі Сартрға арналған бөлімде қарастырылады.

I. «Сәттер» теориясы

Лефевр уақыт туралы ой толғағанда, бұл ұғымның қалай пайда болғанын түсіндіреді: «Уақыт пен оның тереңдігі сол кездері маған эволюция, даму, ыдырау, ауысу, өсу немесе жоғалту және бастапқы кейіптен ажырау деген ұғымдармен шектеліп қалмайтын сияқты көрінген. Менде уақыт және уақыттық дәл солай шиыршықталған сипатта болады деген пікір қалыптасты. Басқаша айтқанда, ұзақтықты тек бір желідегі ұзындық немесе кесінділер бірізділігі ретінде анықтау жеткіліксіз. Оған сондай-ақ шиыршық формасы немесе құйындағы ауа ұйтқуы сияқты спираль тән. Сондықтан әр жеке немесе қоғамдық санада уақыттың белгілі бір кезеңінде ішкі ұзақтық пайда болады. Олар үнемі қозғалыста болады және уақыттың сыртында қалмайды: сәт дегеніміз – осы».

Лефевр ойын әрі қарай былай жалғастырады: «Олай болса, меніңше, бұл сәттер мәннің классикалық үлгісі бойынша анықтауға сай келмесе де, маңызды немесе мазмұнды нәрсе ретінде қарастырылуы тиіс. Олар мен үшін ішкі, яғни субъективті мазмұнның оқиғасы мен әрекеті емес, коммуникацияның берілетін және беретін ерекше модустары, егер осылай айтуға болатын болса, бар болудың мүмкіндігі ретінде көрінеді. Тіршілік ету және экзистенциалия категориялары жөнінде мен айтпас едім. Мен ол сөздік қорды пайдаланған жоқпын; әйтсе де сөз шамамен осы турасында болатын, меніңше, дәйек пен мазмұн сәйкесіп тұрғанда, әр сәт өз-өзіне сүйеніп, өзінің бар екенін мойындатып, өзінің шынайылығын заңды түрде дәлелдеуге міндетті емес.

Қабылдау, күрес, махаббат, ойын, демалыс, поэтикалық немесе өнер сәттері, т.б. туралы да осылай айтуға болады. Бұлардың әрқайсысы маңызды қасиеттерге, жеке атап айтқанда, сана онымен бірігіп кетіп, соның ішінде абсолютті «болмыспен» байланысып қалып қоятын қасиетке ие; сонда еркін әрекет өзінің бөліну, метаморфозада «сәтті» өзгерте алу, тіпті оны ұйымдастыра алу қасиетімен айқындалады. Сөйтіп, сананы билей алатын махаббат немесе ойын сәті оны аралық нәтижеге алып келеді, бірақ сана өзін толық билету үшін бұл әрекетке қарсыласпауы қажет немесе соны өзі қалауы керек. Дегенмен бұл сәттердің, субъективтік қабілеттердің ешқайсысы да толық жабылып қалмайды. Аралық нәтиженің бәрін жалпы нәтижелерді көрсететін көзқарастар ретінде қарастырамын».

Лефевр үшін жалпы нәтиже сәттердің қорытындысы іспеттес. Әңгіме – «ұзақтықтың қас қағым сәттерінің формасыз шоғырына абсолютті біртұтас модальдық пен жоқтықты шегеретін қатысудың философиялық теориялық негіздемесін» құру турасында. Бұл теория бір қарағанда күрделі көрінгенімен, тез арада түсінікті болады. Ол уақыт желілік құбылыс емес деген гипотезаға негізделген. Онда қалыптасудың тұрақтылығы жөнінде мәселе қойылады:

«Тіршілік иесі өзінің қалыптасуын өз бойында сақтап тұрса, сол процесте, қалыптасу барысында шартты тұрақтылыққа қалай жетуге болады?» Осы сауалды өзіне қойған Лефевр праксисте «адамның, я адамзаттың сақталып қалуына, өз бойында қалыптасуды сақтауға мүмкіндік беретін, тұрақты бейбіт өмір құратын, жолында кездесетін көптеген кедергілерге қарамастан үйлесімді даму барысында өзін-өзі қалыптастыруға себеп болатын» құралды көруге



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 24. Анри Лефевр (1905–1991)

талпынады. Нәтижесінде, ол сәттер мәселесін уақытша кейінге шегеруге шешім қабылдайды... Сонымен, праксистің бұл деңгейі жағдаяттардың тікелей мұрагері болады. Кейінге оралсақ, біз сәт өзінің мәнін жағдаяттардан табатынын, солардың ішінде өзгеретінін айта аламыз. «Сәт» және «праксистің» ұғымдары бір-бірін толықтырып, тоғысады. Лефевр өзінің ой-тұжырымын «әсемдік сәтін» ерекшелеу арқылы түсіндіреді. «Өнердің шығармашылық қызметі сол «сәттің» өзі емес пе? Ол уақытты көктей өтіп, тарих арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп, әр суреткердің бойынан табылып, сонда орнығып, өз қалыптасуының нәтижесін сақтап қалуға тырысатыны және оның өзін сақтап, жеткізуімен жеңетіні рас емес пе? Сол сәт, осылайша, терең әрі мықты «шығарма» туындатуға тырыспай ма, оның ішінде бұл әрекет жалпы әлем тәжірибесінде анықталып, ашылып, тәмамдалмай ма? Мұндай сәт әсемдік сәті немесе әсем шығарманың сәті болар еді». Содан соң ол «шешім сәтін» қарастырады: «Этикаға қатысты біз оны «шешім сәті» деп анықтасақ болмай ма? Өз ісіне өзі ешқашан жауап бермейтін, шығарған үкімін заңдастырмайтын, өзінің шешімін ақтамайтын, қаулысын орындата алмайтын, бірақ дәл сол сәтте дәйек пен құқықтың, шынайылық пен мағынаның сәйкес келуін талап ететін соттың қарастырып жатқан ісі сияқты десек болмай ма? Осы мағынада оның сотта айыптайтын сөз сөйлеп тұрғаны сияқты десек ше?».

«Егер мен бұдан тереңірек бойласам, онда мұны сот төрелігі емес, сотқа келіп жай көрініп кету деп атар едім. Бұл әрекет немесе оқиға, өзіңіз қалай атасаңыз да, процесті немесе сот отырысын ашады; сөйтіп, сот санада, қоғамда сондай болып қалыптасады; ол белгілі бір айып тағылған және кінәлі не кінәсіз деп саналатын әрекетті, оқиғаны, сезімді, ойды немесе адамды сотқа шақыру құзыреті берілген сәттен бастап сот бола бастайды. Сотқа келгеннен бастап үкім шығарылғанға дейін процесс қоғамдағы және керісінше салт-жораға сәйкес келетін, санаға қолданылған дәстүрмен өрбиді. Бұл өкілеттік, бұл кезең өзінің элементтерін жан-жақтан өзіне тартып, бойына сіңіріп, әлеуметтік және жеке тарих барысында: моральда және қоғамдық мекемелерде, ресми және жазылмаған заңдарда, өнер туындыларында және тәжірибеде баяу анықталады. Абсолютке қанша ұмтылса да, ол оған ешқашан жетпек емес; үкім де сондай, не ол өзін ешқашан толық ақтай алмайды, не болмаса өзін тұтас оған тели алмайды» (Лефевр).

Лефевр «философиялық сәтке» жеке бір бөлім арнайды. Бұл келешекте «Эго-философияны» – философиялық практикадағы «француз» сәті ретінде анықтап, қарастырған А. Конт-Спонвильдің зерттеулеріне негіз қалайды. Философияны не істеуге болады? Ол өзінің алдына осындай сауал қояды. Философиялық іс-әрекетті «сәтке» айналдыратын оның қандай да бір ерекшелігі бар ма? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін автор өзінің философияға қалай келгені туралы ой толғайды. Өзінен баланың, оқушының өмірбаянын сұрай келе, оның математика ғылымы жолына емес, философ болу жолында рөл атқарған «сәттерді» табады, мысалы, сырқат, соғыс, отбасы жоспарлары. Бұл ой-тұжырым Лефеврдің сәт туралы толғаныстарын өзінің өмірбаянымен, оның маңызымен салыстыруға алып келеді, ол өз кезегінде заттың, топтың және қоғамның қалыптасуын ұғынуға көмектеседі. Сәл кейінірек біз бұл тақырыпқа қайта ораламыз. Адамның философ ретінде қалыптасуында бейімділік қандай да бір рөл атқара ма? Адамның философ болуы кездейсоқ ойынның нәтижесі болар? Бейімділік идеясы «таза философиялық сәттің» болуын аңғартады. Лефевр «таза сәт» деген ойдан қауіп етеді, өйткені одан абсолют туындауы мүмкін. Сонымен, сәтті абсолютке айналдыру қауіпті дедік. Оның нәтижесінде біз жатсына бастаймыз.

Бесінші сәттер теориясы бөлімінде Лефевр ойын сәтіндегі осындай жатсынуды мысал ретінде келтіреді. Әуелден ойын – сәт, бірақ ойыншы оған шамадан тыс берілген кезде, ойын үшін өзіндегі бардың бәрін сатқан кезде, ол жатсыну болады: ойын сәт болғандықтан, бізді арбап тарта бастайды. Ақыры мен ойыншы болып шығамын. Ол алдымызға әлденені көлденең тартады: түпсіз тұңғиықты, мүмкін бас айналдырар нәрсені. Ойын сәтінде абсолют бар және бұл абсолют, кез келген шындық сияқты немесе абсолютке дейін жеткізілген сәт сияқты өзінше ерекшелігі бар жатсыну саналады».

Үшінші бөлімнің 7-тарауында сәттің қалыптасу барысында байқалатын әсерді Лефевр айқын көрсетеді. Ол өзі тәжірибе жасап көрген махаббатты мысалға келтіреді:

«Мен оны күрсініспен жазбаймын, өйткені: махаббат – ынтызарлық; жанарымды төмен салмаймын да, өйткені, махаббат деген – ләззат; көкке қарап жалбарынбаймын да, өйткені, махаббат – қуаныш; бет моншағым үзіліп қызармаймын да, өйткені, махаббат – есіңнен адасу.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 24. Анри Лефевр (1905–1991)

Қарапайым тілмен айтсам: махаббат деген – сәт... Мен бұл сөзден, ең алдымен, абсолюттің ұдайы арбауын сезінемін. Махаббат абсолютке ұмтылады; олай етпесе оның өзі де болмайды. Әйтсе де абсолют – мүмкін емес, адам төзгісіз, жарамсыз, ақылға сыймайтын нәрсе. Оның қасында ессіздік айналсоқтап кезіп жүреді: ынтығудағы жатсыну, жалғыздықтағы жатсыну немесе оған қатысы жоқ нәрсенің бәрінен бас тарту. Сәт сізді билеп алу үшін түрлі айла-шарғы жасайды. Сіз де қайтадан өз бойыңызды билеу үшін одан қулығыңызды асырғыңыз келеді... Бұл сәт сіздің өмір тарихыңызға сиқырлы таяқшаны бір сілтеумен енбейді. Ол өзін-өзі тықпалап, сіздің септігіңіз тисе де, тимесе де пісіп жетіле береді. Қуанышта да, қайғы да да, достықта да, жалғыздықта да, отбасылық өмірде де, топтан тыс өмірде де, ол қолы жеткен жерден қажетті бөлшектері мен материалын жиыстырып, өзін-өзі жасайды. Өне-міне дегенше, осы өрт өз құшағына орап алып, жалмап қоятын ағаштың бұтақтары да кездейсоқ бой түзейді. Ол өзіне қажет элементтер мен материалды алып, оларды өзгертеді, өзіне меншікті етеді. Оның өзінің талаптары, естеліктері, жады, бар болу, жоқ болу кезеңдері, өзінің ұстамасы мен қайтуы, өзінің ессіздігі мен денсаулығы бар. Ол мүмкін емес абсолют пен оны мүмкін етпейтін күнделікті тіршілікке енудің ортасында таңдау жасай алмай қобалжиды. Бұл – өзіне де, басқаға да қайшы келмеуден ада сәт. Менің өз басымнан өткерген қайшылықтың бірі, алғашқысы – әйел алдында бір мезгілде, әрі эротикалық, әрі этикалық кейіпке енудің қиындығы болған. Мұны жеке басымның оқиғасы емес, жалпыға ортақ мәні бар қайшылық деп есептеймін. Олардың екеуі де махаббаттың элементтері ретінде қажет деп санаймын. Меніңше, күрделілік әйелге деген құрметтен ғашық жанның батылдығына көшуде ғана емес немесе достықтың сенімділігі мен еліктіруді ұштастыра алуда емес, ол этикамен қорғалатын қатынастан махаббат қалауы талап ететін «сүйікті объектіні» меншіктенуден басқа сипаттағы билікке көшуде. Махаббат сол билікке ұмтылмай қоймайды, ол сүйікті адамын зат сияқты пайдалануға итермелейді және қызғаныштың қызыл итін оятады. Меніңше, олардың қосарланған талабы мен бір мезетте орындалуының күрделілігі құштарлық деп аталатын ерекше терең толқыныстың айнымас бөлігі болуында. Моцарттың музыка үшін жаралғаны сияқты, кейбір бақытты махаббат үшін дүниеге келген жандар бар. Олар басқалардың күшпен басын біріктіретін нәрселерін еш қиналмай ұштастырады деп топшылаймын».

Осы ұғымдағы сәт адамгершілікті және оның уақыт барысына енуін тура анықтайды. Лефеврдің бар болу теориясына қосқан үлесі оның одан арғы бірқатар шығармаларын кеңейте түседі, мысалы, «Бар болу мен жоқ болу немесе Ойлау деген не?»

II. Философтың өмірбаяны

«Жиынтық пен қалдық» өмірбаянды философиялық еңбектің бір формасы ретінде көрсетеді. Лефеврдің өз өмірбаяны туралы кітапта оның өз аузымен айтқаны өте қызық:

«Өмірбаян – замандастар өзінің күнәсіздігін дәлелдейтін амалдың пайдасына жұмсайтын немесе келер ұрпақ үшін қорғаныш сөз ретінде емес, мұқият жазылған өзіндік зерттеуі, сарыны, стилі бар туынды іспеттес және тіпті тұтас бір сөздік дерлік. Ол қаншалықты қарабайыр, не сүйкімсіз көрінсе де, кез келген ұсақ-түйекті көзден таса қылмай, салқынқандылықпен қарастыруы керек.

Өз өмірі туралы баяндағысы келген, өзіне осындай жан төзгісіз жауапкершілікті алып, осыны орындай аламын деп бел буған адам бұл әңгіменің мән-мағынасы болсын десе, психологтардың құр әуреге түсіп жете алмай жүрген тұңғығына бойлап, тереңге түсуіне тура келеді. Ол тұрпайы қақпандардан аулақ жүргені дұрыс, өйткені олардың тұрпайылығы алдамшы, оларды жақсы білсең де, айналып өту оңайға соқпайды: өзіңнің бағанды тым түсіріп жіберу немесе дандайсып кету, мардымсыз нәрсеге көп мән беру немесе керісінше. Өзіңе ғана тән нәрсе арқылы әмбебапты ұғуға талпына отырып, кез келген басқа жанға қарағанда осы шындыққа жақындамай оған қол жеткізудің қиындығын ол білуі тиіс. Ол осы тақырыпқа бойламай қоймайды. Маңызды қағытпалардың арасына әлдеқайда кеңірек шындықтың үзінділерін – портреттер, сипаттауларды қоса қоя алмайды. Өмірбаян әдебиеттің бір жанрына айналу барысында әдебиетке тән болып келетін қауіпке де ұшырайды: қазіргі сананы өз кезінде



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 24. Анри Лефевр (1905–1991)

күмәнді болған жағдаяттармен араластыру, болған, өткен жайтты, сол кезден ұғынған, тапқан нәрсені орындауға түрткі болу.

Өмірбаянда да, романтикалық баяндауда немесе жылнамадағы сияқты, көпөлшемді уақыт пен көпқырлы сана: басынан кешкен уақыт пен білім уақыты, күмән мен сенім уақыты, айтылған әңгіменің, әңгімелеушінің және оқырманның уақыты өзара әрекеттесіп, тоғысып жатады. Олардың қарым-қатынасы мен қақтығыстарын бір-бірін байытатындай етіп қалай ұтымды бағыттаса болады? Өмірбаян олай болуға тиісті болмаса да, өзінше бір өнерге айналады. Халықтың, қоғамның, өркениеттің тарихындағы шешуші сәттерді оқшаулап көрсету қиын болатыны сияқты, жеке өмірбаянда да ол сәттерді анықтау оңай емес. Осының нәтижесінде тағдыр пайда болады. Ал шешуші сәт қайда қалды? Сонымен, бұл не болды: шешім бе, әлде шешуші сәт пе, таңдау ма, әлде одан бас тарту ма, еркіндік пе, әлде жатсыну ма? Мұндай сәтті талдай отырып, келер уақытты дамытуға тиіс нәрселердің дәнін табасың, бірақ ол дәндер құрып кетуі мүмкін; мейлі, құрысын! Тереңірек талдай түссең, алдыңғы сәтке оралуға тура келеді, ол жерден де сол дәнді табасың, бірақ ол әлсіздеу, әрі көбірек будандасқан, басқалармен араласқан. Шынайы тууды, дүниеге келуді қайдан іздеу керек? Басқалар өздерін тұншықтыруға жол бергенде, бұл қалай аман қалып, өсе бастады?

Адам өзінің іздегенін тапқан кезде таза мәнге, себеп пен салдарға, өзгерістер кеңістігіндегі ретке – «детерминизмге» жеттім дейді. Ол адаспайды. Ол бірнәрсені түсінді, кейбір көнекөз философтар айтқандай, дәннің дәлелін тапты. Бірақ детерминизм ешқашан өзінің амалдарымен шектеліп қалған емес. Қажеттілік ешқашан жеткілікті болмайды. Ол басқа нәрсеге бұрып жібереді: алысырақ, тереңірек және кейінірек жақындатады. Ол ұшы-қиыры көрінбейтін, түгел жазып шығу мүмкін емес тұтас тарихқа бағыттайды; бұл тарихта сырт көзге негізгі емес, маңызды емес, екінші себептер белгілі бір «сәтте» негізгіге айналып кеткен; көзге ілінбейтін қайшылықтар оны өзінің байқаған маңызды мәселелері мен қайшылықтарына бағыттап, олардың қарсы мағынасына және тиімділігіне ауыстырып, өзгерте алған».

Қорытынды

Түйіндей келе, біз бұл қорытынды кітап Лефевр шығармашылығындағы маңызды сәт, тіпті жікке бөлінуінің басы болғанын атап өткіміз келеді. Эдгар Морен айтқандай, «Бұл – жұлдызқұрттан көбелекке айналу». Бұл шығарманы зерттеушілер философтың ең маңызды еңбегі деп қарастырса да, автордың 60 кітабының ішінде жалғыз осы кітап қана шет тілдеріне аударылмаған екен. Шынында да, Лефевр қырыққа жуық тілге тәржімаланған болатын. Тек «Жиынтық пен қалдық» қана өзінің ауқымдылығына және тым поэтикалық стиліне байланысты аударуға қиын шығарма болып келеді.